

**Түркістан облысы Келес ауданы
«№12 Р. Әлібекұлы атындағы жалпы білім беретін
мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Ата-аналармен жұмыс

**Еңбекші ауылы
2024-2025 оқу жылы.**

Бекітемін

Мектеп директоры: *А.С. Калғанбаев*

2024-2025 оқу жылына арналған ата-аналар комитетімен жүргізілетін

жұмыс жоспары

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Нәтиже
1	1. Өткен оқу жылының қорытындысы, жаңа 2024 – 2025 оқу жылының міндеттері. 2. Ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау, жұмыс жоспарын бекіту. 3. «Отбасының бала өмірінде алатын рөлі» баяндама	қыркүйек	ТЖО Ж. Абдраманов мектеп әкімшілігі	хаттама, фото
2	1. Оқушыларды мектепке қабылдау, оқыту және шығару тәртіптері. Мектеп ережелерімен таныстыру. 2. Ағымдағы мәселелер.	қыркүйек қазан	мектеп әкімшілігі сынып жетекшісілері ата-аналар комитеті Д. Тоғызбаев	акпарат
3	1. Мектептегі аз қамтамасыз етілген, тұрмысы төмен отбасы балаларын анықтау, жұмыстар жүргізу. 2. Ағымдағы мәселелер.	жыл бойы	ТЖО Ж. Абдраманов Психолог Т. Ахилев ата-аналар комитеті Д. Тоғызбаев	акпарат, фото
4	1. Мектепте жүргізілген тәрбиелік шаралардың оқушылар тәрбиесіне тигізер ықпалы.	жыл бойы	мектеп әкімшілігі, құқық пәнінің мұғалімі Д. Әлімбаев ата-аналар Д. Тоғызбаев	хаттама, акпарат, фото
5	1. Ата-аналар комитетінің отырысы 2. Ағымдағы мәселелер.	қараша	мектеп әкімшілігі ата-аналар комитеті Д. Тоғызбаев	хаттама
6	Ата-аналар жиналысы: 1. I жарты жылдық қорытындысы 2. «Балаларға тәрбие мен білім беруде ата-аналардың құқықтары мен міндеттері ме?»	желтоқсан	мектеп әкімшілігі ТЖО Ж. Абдраманов құқық пәнінің мұғалімі	Хаттама

7	1. Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыру, бірлескен жұмыстар 2. Ағымдағы мәселелер.	желтоқсан	ТЖО, сынып жетекшілері ата-аналар комитеті	мерекелік шара
8	1. Ата-аналар комитетінің отырысы 2. Наурыз мерекесін ұйымдастыру бірлескен жұмыстар 3. «Мектеп- оқушы, ата-аналар» бірлігінде атқарылатын жұмыстар	наурыз жыл бойы	сынып жетекшілері ата-аналар комитеті	хаттама мерекелік шара
9	«Біз баламызды білеміз бе?» Сауалнама	сәуір	мектеп психологы Т. Ахиллов	әзірleme
10	1. Ата-аналар комитетінің отырысы. 2. Мектептегі тәрбиеге қиындық келтіретін оқушылармен атқарылатын жұмыстар. 3. Ағымдағы мәселелер.	сәуір жыл бойы	мектеп әкімшілігі ата-аналар комитеті	хаттама
11	Оқушылардың себепсіз сабақтан қалмауын қадағалау	үнемі	мектеп әкімшілігі	ақпарат
12	Мектеп бойынша тәрбиеге қиындық келтіретін балаларды анықтау , ата – аналармен байланыс жасау .	жыл бойы	ТЖО, әлеуметтік педагог А. Елемесов	ақпарат, фото
13	Ата-аналардың мектептік іс-шараларға демеушілік көмегі	жыл бойы	сынып жетекшілері	ақпарат
14	11 сынып оқушыларын ҰБТ – ға дайындық жұмыстарына ата - аналардың жауапкершілігін арттыру	жыл бойы	мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері	ақпарат, фото
15	1. Жалпы ата-аналар жиналысы 2. «Ата- аналар университеті» ата-аналарға педагогикалық және психологиялық консультацияны ұйымдастыру. 3. Жазғы демалыс	мамыр жыл бойы	мектеп әкімшілігі Психолог Т. Ахиллов Ата-ана комитеті Д. Тоғызбаев	хаттама, ақпарат

Орындаған:  Д. Тоғызбаев

«№12 Р. Әлібекұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі ата-аналар жиналысын хаттамасы

№2

26.09.2024ж.

Қатысқандар:

Мектеп директоры: С. Қалғанбаев

Тәрбие орынбасары: Ж. Абдраманов

Педагог-психолог: Т. Ахиллов

Ата-аналар: 22

Күн тәртібінде:

1. Құқықбұзушылықтың алдын алу туралы.
2. Әлеуметтік желілер мен ұялы байланыс құралдарын пайдалану туралы.

Баяндама оқуға тәрбие орынбасары Ж. Абдраманов шықты.

«Саламатсыздар ма, құрметті ата-аналар мен оқушылар?
Құқықбұзушылықтың алдын алу, әлеуметтік желілер мен ұялы байланыс құралдарын пайдалану туралы. Соңғы уақытта мектептегі әлімжеттік әрекеттері жиілеп кетті. Рас, әлімжеттік ертеден-ақ бар. Десе де, дәл бүгінгідей жауыздыққа, қатігездікке бара қоймайтын. Қазақта мынадай жақсы сөздер бар: **«Қызға қырық үйден тыйым, ұлға отыз үйден тыйым»**. Баланы үш-ақ ауыз сөзбен тәрбиелеген халықпыз. **«Ұят болады. Жаман болады. Обал болады» деп.** Халқымыздың тәрбиелік құралдарының күнделікті қолданылатын үлгі, өнеге түрлерінің бірі – тыйым емес пе? Бұл балалар мен жастарды жаман әдеттерден сақтандырып, жақсылыққа бейімдеуден бастау алған халықтық педагогикалық ұғым болса керек. Алайда бүгіндері сол атадан қалған баталы сөздің ешқандай мәні қалмағаны айқын сезілуде. Бүгінде, оқушылардың арасындағы кикілжіңдер мен адам шошитын әрекеттерді көргенде жағанды ұстайсың».

Соңғы уақытта «You Tube», «Instagram», «Wats App», «Tik-tok», «Facebook» т.б. әлеуметтік желілерде жалпы білім беру мекемелерінде білім алушы кәмелетке жасы толмағандардың біріне бірі күш қолдану, бұзақылық және т.б. қылмыстық құқықбұзушылық әрекеттер бейнежазбасы кеңінен жариялануда. Бүгінде балаларды теледидар мен компьютер және ұялы телефон тәрбиелеп жатыр десек қателеспейміз. Өйткені зорлық-зомбылықты насихаттайтын түрлі фильмдер мен электронды ойындарға құмары қанбайтын жастар, көп-ақ. Тіпті, кішкентай бүлдіршіндердің тамашалайтын мультфильмдерінің өзі бірін-бірі ұрып соғу мен дөрекі сөздерге толы. Мәселен, америкалық зерттеушілердің пікірінше, балалар мен жасөспірімдер телеаудиторияның ең белсенді көрушілері екен. Әрбір бала, шамамен, өз

уақытының 30 пайызға жуығын экранның алдында өткізеді екен. Бұл деген сөз үлкен уақыт. Өз кезегінде балалардың мектепте және үйде ұялы телефон пайдалануда ата-аналардың қадағалауынсыз қалғанын соның салдарынан балалар өздері білген, өздері қалаған сайттарға кіріп неше түрлі жауыздық атыс-шабыс т.б. көретінін, оның салдары бала тәрбиесіне өте кері әсер ететінін жақсы білеміз.

Сондықтан үйде ата-аналар мектепте мұғалімдер балалардың телефон пайдалануын қадағалап отырсаңыздар» деді.

Мектеп директоры: «Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық тәрбие жөнінде өзінің пікірін айтып ескертулер жасады, жасөспірімдер арасындағы мінез-құлықтың ауытқуы нәтижесінде зорлық-зомбылық немесе суицидтік іс-әрекеттер туындауы секілді мәселелер жайында, бұл жағдайлар қандай кезеңдерде пайда болатындығы жайлы ақпарат беріп өтті.»

Жарыс сөзге ата-ана : Д.Тоғызбаев сөзге шығып, өз балаларымызға жақсы тәрбие беру біздің міндетіміз, уақыттарын үнемдеу және білімге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында барынша еңбекті өзімізден бастауымыз керек, тәрбие отбасынан басталады дегенді ұмытпауымыз қажет. Баланы мақсатқа бағыттау үшін, мейрімділігімізді арттырайық, жауапкершілікпен қарайық деген пікір айтты.

Қаулы:


- I. Құқықбұзушылық әрекеттердің алдын алу жұмыстары күшейтілсін..
- II. Жасөспірімдердің әлеуметтік желі пайдаланудағы отбасындағы жағдайы, жүріс-тұрысы, қарым-қатынасы ата-аналар тарапынан бақылансын.

Жиналыс төрағасы:



С. Қалғанбаев

Хатшы:



А.Елемесов

«№12 Р. Әлібекұлы атындағы жалпы білім беретін мекте» КММ

Ата-аналар жиналысының

хаттамасы № 1

Қатысқандар: 22

04.09.2024 жыл

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Жаңа оқу жылының басталуы, оқушылардың сабаққа катысуы, мектеп формасы және ішкі тәртіп ережесі туралы: баяндамашы Ж. Абдраманов
2. Ата-аналар комитетін сайлау туралы

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Ж.Абдраманов баяндамадан соң, оқушылардың тәртібі мен сабаққа катысуы туралы тоқталып өтті. Мектепке оқушылар бірыңғай мектеп формасын сақтап келулері ескертілді. Мектепке ұялы телефон оқушыларға алып келуге, керексіз пайдалануға болмайтыны ескертілді. Құқықбұзушылықтың әр түрлі салдарынан мысалдар келтірілді. Алдағы уақытта балаларды ата-ана болып, мектеп болып қатаң қадағалауы ескертілді. Өткен оқу жылында сабақтан үнемі көп қалатын және тәртібіне көңіл бөлуді қажет ететін оқушылар Әбдірасіл Асылбек, Әріпбай Бекарыстың ата-аналарына ескерту жасалды, оқушылар тек науқастанған жағдайда ғана себеппен сабақтан қалдыруды, сонын өзінде ата-аналар тарапынан оқушыларды күнделікті сабаққа уақтылы жіберіп, сабақтан қалмауы сұралды.

Мектеп директорының м.у.а. Р. Тажибаева алдыңғы оқу жылының қорытындысына тоқталып өтті. Сыныптар бойынша білім сапасы: 64%. Өткен оқу жылында қаншама оқушы оқу екпінділер қатарына қосылды, сонымен қатар әлі де оқу үлгерімі көтерілуге мүмкіншілігі бар оқушылардың ата-аналарына ескерту жасалып, келесі тоқсанда оқушылардың білім сапасын көтеру мақсатында үйден қадағалануы сұралды және пән мұғалімдері осы оқушылармен қосымша жұмыс жүргізілсін деген ұсыныс айтылды. Жарылқасын Балнұр қызымыз алтын белгіге бітірсе, Қадір Гүлбану қызыл аттестатқа аяқтады. 4 оқушы грандқа түсті.

Ата-аналар комитетіне төрағалыққа Тоғызбаев Дауіржан мүшелері Әуесбеков Өскенбай мен Сабеев Мажит ағалар ұсынылды. Барлық ата-аналар бірауыздан қолдап дауыс берді.

Жарыссөзге Тұрымбетов Ұлту апа шықты. Құрметті ата-аналар барлығымыз да ұл-қыз өсіріп отырмыз. Ұлың жаман десе намыстанатын қазақпыз. Біздің тарапымыздан да қадағалаулар болса балаларымыз дұрыс жүретіні анық. Балаларыңызға айтып отырыңыздар, мектепке келгенде дуалдарды теппесін, парталарды бүлдірмесін – деп айтып отырыңыздар. Қыздарға телефонды уақыт-уақытпен берсеңіздер. Қандай сайттарға қосылады? Кіммен байланысы бар? Достары кімдер?- деп, бақылап отырсаңыздар жақсы

боларына сенімдімін. Өз немерелерімнің сабағы мен тәртібінен байқадым. Ағай-апайлары хабарласып сабағы нашарлап кетті деген соң телефонын алып қойдым. Сонан соң сабағы жақсарғанын байқадым – деді.

Қаулысы:

1. 2023-2024 оқу жылы қорытындысы бойынша үлгерімі төмен оқушылардың сабақтары ата-аналардың және пән мұғалімдердің тарапынан қадағаланып, үнемі назарда болсын. Бірыңғай мектеп формасы сақталынсын.
2. 2024-2025 оқу жылында оқушылардың тәртібіне аса зор көңіл бөлініп, сабақтан қалмауы қадағалансын.

Хатшы: А. Елемесов

Жиналыс төрағасы:  Ж. Абдраманов